

# ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

## КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2018 жылғы 10 шілде

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы Үлкен алқасы:

Төрағалық етуші Ж.Н. Бәйішев,  
баяндамашы судья А.М. Ажибраимова,  
судьялар Э.В. Айриян, Д.Г. Колос, Т.Н. Нешатаева, В.Х. Сейтімова,  
Г.А. Скрипкина, А.Э. Туманян, А.А. Федорцов, К.Л. Чайка,  
сот отырысының хатшысы А.К. Асаналиеваның қатысуымен,  
баяндамашы судьяны тындап, іс материалдарын зерттеп,

Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 46, 47, 49, 50, 68, 69, 73, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің 72, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Беларусь Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың ережелеріне түсініктеме беру туралы өтініші бойынша мынадай Консультативтік қорытынды береді.

### Өтініш берушінің сұрағы

Беларусь Республикасының Әділет министрлігі Еуразиялық экономикалық одақтың Сотына (бұдан әрі – Сот) Беларусь Республикасының атынан (бұдан әрі – өтініш беруші) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт, Одақ туралы шарт) ережелеріне түсініктеме беру туралы өтінішпен жүгінді.

Өтініш беруші Шарттың 6-бабының 1-тармағына сілтеме жасайды, соған сәйкес Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ, ЕАЭО) құқығы: Шарттан, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардан, Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттарынан, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің, Еуразиялық үкіметаралық кеңестің және Еуразиялық экономикалық комиссияның Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделген өз өкілеттіктері шеңберінде қабылданған шешімдері мен өкімдерінен құралады.

Шарттың 99-бабында белгіленген жалпы өтпелі ережелермен Шарт күшіне енген күні қолданыста болған (Шарттың 99-бабының 1, 2-

тармақтары) Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыру шеңберінде жасасылған мүше мемлекеттердің халықаралық шарттарын, сондай-ақ мемлекет басшылары деңгейіндегі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің, үкімет басшылары деңгейіндегі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің және Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдерін қолдану тәртібі айқындалған.

Баяндалғанның негізінде өтініш беруші Соттан Кеден одағы Комиссиясы шешімдерінің «Одақ құқығы» ұғымына кіретінін-кірмейтініне түсініктеме беруді сұрайды.

### **Соттың құзыреті**

Беларусь Республикасының өтініші бойынша консультативтік қорытынды шығаруға қатысты Сот юрисдикциясы 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 2 қосымша болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының (одан әрі - Статут) 46 және 49-тармақтарының, Соттың 2018 жылғы 14 мамырдағы өтінішті іс жүргізуге қабылдау туралы қаулысының негізінде белгіленді.

### **Соттағы рәсім**

Түсініктеме беру туралы істі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің (бұдан әрі – Сот регламенті) 75-бабының тәртібінде қарауға даярлау шеңберінде Еуразиялық экономикалық комиссияға, Армения Республикасының, Беларусь Республикасының, Ресей Федерациясының Әділет министрліктеріне, Армения Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік кірістер комитетіне, Ресей Федерациясының Федералдық кеден қызметіне, Қырғыз Республикасының Экономика министрлігіне, Ресей Федерациясы Конституциялық сотының Хатшылығына, Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің Аппаратына, Беларусь Республикасының Ұлттық заңнама және құқықтық зерттеулер орталығына, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Заңнама институтына, Ресей Федерациясы Үкіметінің жанындағы Заңнама және салыстырмалы құқықтану институтына, Ресей Ғылым академиясының Мемлекет және құқық институтына сауалдар жіберілді және жауаптар алынды.

## Соттың Үлкен алқасының тұжырымдары

Статуттың 50-тармағын басшылыққа ала отырып, Үлкен алқа 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының 31-бабының ережелерін ескере келіп, Шарт ережелеріне түсініктеме беруді халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормалары негізінде олардың жүйелік өзара байланысында жүзеге асырады.

Халықаралық-құқықтық нормаларға түсініктеме беру кезінде Үлкен алқа *stare decisis* қағидатын ұстана отырып, Соттың бұдан бұрын тиянақтаған құқықтық позицияларын негізге алады.

1. Үлкен алқа өтініш берушіге жауап беру үшін «Одақ құқығы», «Кеден одағы Комиссиясының шешімі» сияқты ұғымдарға түсініктеме беру талап етіледі деп топшылайды.

Үлкен алқаның пікірі бойынша, «Одақ құқығы» ұғымының мазмұны Одақтың жұмыс істеуін құқықтық реттеудің ұлтүсті сипатын қамтамасыз етуге тартылған құқық жүйесін қарау тұрғысында түсініктеме берілуге жатады.

2. Шарттың 1-бабының 2-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақ өңірлік экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы болып табылады.

Одақ туралы шарт 2011 жылғы 18 қарашадағы Еуразиялық экономикалық интеграция туралы декларацияда (бұдан әрі - Декларация) көзделген Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің (бұдан әрі – КО және БЭК) нормативтік-құқықтық базасын құрайтын халықаралық шарттарды кодификациялауды білдіреді. Интеграциялық қоғамдастықтың мүддесіне іс-қимыл жасай отырып, мүше мемлекеттер Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда белгіленген шектерде және көлемдерде мүше мемлекеттердің барлық субъектілері үшін белгілі бір салаларда бірыңғай құқықтық нормаларды белгілеу жөніндегі құзыретті реттеуді ұлтүсті деңгейіне берді.

Шарттың 6-бабының 1-тармағына сәйкес Одақ құқығын:

Шарт;

Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар;

Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттары;

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің, Еуразиялық үкіметаралық кеңестің және Еуразиялық экономикалық комиссияның Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделген өз өкілеттіктері шеңберінде қабылдаған шешімдері мен өкімдері құрайды.

Шарттың 2-бабына сәйкес «Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар» - мүше мемлекеттер арасында Одақтың жұмыс істеуі мен дамуына байланысты мәселелер бойынша жасасылатын халықаралық шарттар; «үшінші тараппен халықаралық шарттар» - үшінші мемлекеттермен, олардың интеграциялық бірлестіктерімен және халықаралық ұйымдармен жасасылатын халықаралық шарттар; «өкім» - Одақ органдары қабылдайтын, ұйымдастырушылық-өкімдік сипаты бар акт; «шешім» - Одақ органдары қабылдайтын, нормативтік-құқықтық сипаттағы ережелерді қамтитын акт;

Шартта Одақ құқығын құрайтын актілердің қолданылуына қатысты мынадай тәсілдеме белгіленген. Шарттың 6-бабының 1-тармағының алтыншы абзацына сәйкес мүше мемлекеттер Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің және Еуразиялық үкіметаралық кеңестің шешімдерін өз ұлттық заңнамасында көзделген тәртіппен орындауға тиіс. Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (Шартқа № 1 қосымша; бұдан әрі – ЕЭК туралы ереже) 13-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі ЕЭК, Комиссия) шешімдері Одақ құқығына кіреді және ұлтүсті органның шешімі ретінде мүше мемлекеттердің аумақтарында тікелей қолдануға жатады.

Шартта халықаралық шарттарға жалпы сілтеме жасау үшін «Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар» жинақтаушы термині қолданылады, соған сәйкес Одақтағы тиісті қатынастарды реттеу (соның ішінде Шарттың 32, 89-91 баптарында) жүзеге асырылады.

Шарттың 99, 101-баптарында, ЕЭК туралы ереженің 4, 24, 43, 52, 55-тармақтарында, 2014 жылғы 10 қазанда Минск қаласында қол қойылған Армения Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қосылуы туралы шарттың 1-бабында, 2014 жылғы 23 желтоқсанда Мәскеу қаласында қол қойылған Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қосылуы туралы шарттың 1-бабында, 2015 жылғы 8 мамырда Мәскеу қаласында қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарға өзгерістер енгізу туралы хаттамада «Одақтың құқығына кіреді» деген тиянақтама қолданылады.

Шарттың 99-бабының 2-тармағында ЕЭК шешімдеріне қатысты «өзінің заңдық күшін сақтайды» деген сөз тіркесі қолданылады.

Сөйтіп, Шарт мағынасынан шығара келгенде, ЕАЭО шеңберінде Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілер (Шарттың 6-

бабының 1-тармағы), Одақтың құқығына кіретін, КО және БЭК шеңберінде жасасылған халықаралық шарттар (Шарттың 99-бабының 1-тармағы, 101-бабының 1-тармағы) және КО және БЭК шеңберінде қабылданған, өзінің заңдық күшін сақтайтын шешімдер (Шарттың 99-бабының 2-тармағы) бар.

Осыған байланысты Үлкен алқа «құқығын құрайды», «құқығына кіреді» және «өзінің заңдық күшін сақтайды» деген сөз тіркестері тиісті шарттың немесе актінің Одақтың құқығына кірістірілуін білдіретінін атап өтеді.

### 3. Шарттың 99-бабының 1 және 2-тармақтары:

- Шарт күшіне енген күні, яғни 2015 жылғы 1 қаңтарда қолданыста болатын;

- Шартқа қайшы келмейтін екі міндетті жағдайды белгілейді, бұл ретте КО мен БЭК шарттық-құқықтық базасын қалыптастыру шеңберінде жасасылған халықаралық шарттар, сондай-ақ мемлекет басшылары деңгейіндегі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің, үкімет басшылары деңгейіндегі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің және ЕЭК-тің шешімдері қолданыста болады және өзінің заңдық күшін сақтайды.

Үлкен алқаның пікірі бойынша, Шарттың өтпелі ережелерінде тұтастай алғанда актілерге және атап айтқанда Комиссия шешімдеріне қатысты жоғарыда көрсетілген жағдайларды сақтау кезінде құқықтық реттеудің сабақтастық қағидаты қолданылған.

Бұл тұжырымды жеке кәсіпкер К.П. Тарасиктің өтініші бойынша Сот Алқасының 2015 жылғы 28 желтоқсандағы шешімінде тиянақталған, Шарт негізіне КО мен БЭК-тің шарттық-құқықтық базасын кодификациялау нәтижелері салынған деген құқықтық позициясы растайды. Одақ туралы шарттың 99-бабында Еуразиялық экономикалық интеграциялық процестердің КО мен БЭК-тен Одаққа қарай дамуы кезінде құқық жүйесінің сабақтастығы көзделген. Одақ туралы шартта белгіленген талаптарды сақтау кезінде Одақ жұмысы басталғанға дейін жасасылған және қабылданған КО мен БЭК халықаралық шарттарының және Комиссия шешімдерінің Одақ құқығын құрайтын құқықтық актілер ретінде Одақ шеңберіндегі қолданылуы жалғастырылады.

4. Үлкен алқа «Кеден одағы Комиссиясының шешімі» (бұдан әрі – КОК шешімі) ұғымының құқықтық мазмұнын айқындау үшін КОК шешімдерінің Еуразиялық интеграцияны дамыту тұрғысындағы мәртебесі эволюциясын талдау қажет деп топшылайды.

Кеден одағының Комиссиясы 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының Комиссиясы туралы шарт (бұдан әрі – КОК туралы шарт) негізінде Кеден одағының бірыңғай тұрақты жұмыс істейтін реттеуші органы ретінде

құрылды. Осы халықаралық шартпен бірінші рет реттеуші органның ұлтүсті функциялары бекітілді. КОК туралы шарттың 7-бабында Комиссияның өз өкілеттіктері шегінде Тараптар үшін міндетті сипаты бар шешімдер қабылдайтыны айқындалды. Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің (Кеден одағының жоғары органы) 2009 жылғы 27 қарашадағы «Кеден одағы Комиссиясының қызметін ұйымдастыру мәселелері туралы» № 15 шешімінің 4-тармағына сәйкес КОК шешімдері Кеден одағына қатысушы мемлекеттерде тікелей қолдануға жатқызылды.

2011 жылғы 18 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шарт (бұдан әрі – ЕЭК туралы шарт) күшіне енгеннен кейін Тараптар Еуразиялық экономикалық комиссияны КО мен БЭК-тің бірыңғай тұрақты жұмыс істейтін реттеуші органы ретінде (ЕЭК туралы шарттың 1-бабы) құрды.

ЕЭК туралы шарттың 39-бабының алтыншы абзацы негізінде Кеден одағының және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыратын халықаралық шарттарға, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің шешімдеріне сәйкес КОК-ке берілген өкілеттіктер ЕЭК-ке берілді. ЕЭК туралы шарттың 38-бабына сай 2012 жылғы 1 қаңтарда қолданыста болған КОК шешімдері заңдық күшін сақтады, оларға өзгерістер енгізу мүмкін болды. Кеден одағының бірыңғай тұрақты жұмыс істейтін реттеуші органы ретіндегі КОК пен ЕЭК (ЕЭК-ке БЭК саласында қосымша өкілеттіктер бере отырып) мәртебесі, осыған байланысты өкілеттіктерді КОК-тен ЕЭК-ке беру, сондай-ақ КОК шешімдерінің заңдық күшін сақтауы Үлкен алқаға интеграциялық бірлестіктің бұл органдарының және олардың актілерінің құқықтық мирасқорлығы туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

ЕЭК туралы шарт 2015 жылғы 1 қаңтарда Одақ туралы шарттың күшіне енуіне байланысты күшін жоғалтты, оның 18-бабының 1-тармағына сәйкес ЕЭК-тің мәртебесін тұрақты жұмыс істейтін реттеуші орган ретінде сақтау көзделді.

ЕЭК туралы шартқа сәйкес құрылған Комиссия, Одақ туралы шарттың 99-бабының 3-тармағының үшінші абзацына сай өз қызметін Одақ туралы шартқа сәйкес жүзеге асырады. Шарт күшіне енгенге дейін қабылданған, Шарт күшіне енген күні қолданыста болатын ЕЭК шешімдері Шарттың 99-бабының 2-тармағына сай өзінің заңдық күшін сақтайды және Шартқа қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

**5.** Үлкен алқа өтініш берушінің сұрағына қарай КОК шешімдерінің ұлтүсті сипатын қосымша қараған жөн деп топшылайды.

Көрсетілген сұраққа байланысты Үлкен алқа ЕурАзЭЖ Соты 2013 жылғы 10 шілдедегі Беларусь Республикасының Жоғары Шаруашылық Сотының Кассациялық алқасының сауалы жөніндегі іс бойынша шешімде қалыптастырған құқықтық позицияны ескереді, соған сәйкес «Кеден одағына мүше мемлекеттер Кеден одағы Комиссиясын Кеден одағының аумағында міндетті сипаты болатын шешімдер қабылдау құқығы бар, Тараптар ерікті түрде берген ұлтүсті функцияларына ие реттеуші орган ретінде құрды».

Үлкен алқа ЕЭК туралы шартқа сәйкес құрылған ЕЭК-тің шешімдері сияқты, Одақ туралы шартқа қайшы келмейтін КОК шешімдері де мүше мемлекеттер аумағында тікелей қолдануға жатады деп түйіндейді.

Сот практикасында Одақтың құқықтық нормаларын «ұлтүсті реттеу» санатына жатқызу критерийлері:

- 1) біріздендірілген құқықтық реттеудің бар болуы;
- 2) мүше мемлекеттердің осы саладағы құзыреттерін Одақ органдарына олардың ұлтүсті өкілеттіктері шеңберінде беруі (Беларусь Республикасы Әділет министрлігінің өтініші жөніндегі 2017 жылғы 4 сәуірдегі Консультативтік қорытынды) тиянақталған.

Одақтың ерекше құзыретіне жататын салаларда көрсетілген талаптарды сақтау кезінде Одақ құқығының ұлтүсті құқықтық актілерінен басымдығы қамтамасыз етіледі. Бұл, соның ішінде, мүше мемлекеттердің реттеудің ұлтүсті деңгейіне берілген мәселелер бойынша Одақ құқығының нормаларына қайшы келетін ұлттық құқықтық актілер қабылдаудан тартынуға міндетті екендігін білдіреді.

Одақтың ұлтүсті актілеріне қатысты оларды тікелей қолдану қағидасы белгіленген. Мәселен, ЕЭК туралы ереженің 13-тармағымен Комиссияның өз өкілеттіктері шегінде нормативтік-құқықтық сипаты бар шешімдер қабылдайтыны белгіленеді. Мұндай шешімдер Одақтың құқығына кіреді және мүше мемлекеттер аумағында тікелей қолдануға жатады.

Баяндалғанның негізінде Үлкен алқа Шарттың өтпелі ережелерінде аталмайтындығына қарамастан, КОК шешімдерінің ЕЭК туралы шарт негізінде жұмыс істейтін ЕЭК шешімдеріне тең дәрежеде Одақ құқығына кіретіндігі туралы тұжырымға келді.

Бұл тұжырым мүше мемлекеттердің өз аумақтарында КОК-тің қолданыстағы шешімдерін тануымен және қолдануымен, ЕЭК-тің ресми позициясымен және Сот практикасымен расталады.

Жоғарыда баяндалғандарды басшылыққа ала отырып, Үлкен алқа мынадай тұжырым тиянақтаған негізді деп санайды:

Кеден одағы Комиссиясының 2015 жылғы 1 қаңтарда қолданыста болған және 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ

туралы шартқа қайшы келмейтін шешімдері Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіреді, мүше мемлекеттер үшін міндетті болып табылады және Одаққа мүше мемлекеттердің аумағында тікелей қолданылуға жатады.

### **Қорытынды ережелер**

1. Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш беруге жіберілсін.

2. Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-сайтында орналастырылсын.

Төрағалық етуші

Баяндамашы судья

Судьялар

Ж.Н. Бәйішев

А.М. Ажибраимова

Э.В. Айриян

Д.Г. Колос

Т.Н. Нешатаева

В.Х. Сейтімова

Г.А. Скрипкина

А.Э. Туманян

А.А. Федорцов

К.Л. Чайка